

Импорттық жүктерді қоймаларда
тексеру.

- **Мақсаты:**Карантинге жатқызылған материалдарды сараптауды үйрену
- **Міндеті:** Импорттық жүйелерді қоймаларда тексеруді үйрету

Жоспар

- *1. Жүкті қоймада тексеру*
- *2. Шекаралық қоймалар жағдайында егжей-тегжейлі карантиндік тексеру*
- *3. Сырттай тексеру*

● *Карантиндік нұсқаушы шет елден келген кемені, ұшақты немесе темір жол тауар вагондарын қарап болып, әкелінген жүктің карантиндік тұрғыда қауіп төндірмейтініне көз жеткізген соң ол оны жағажай немесе темір жол қоймаларына түсіруге рұқсат етеді. Содан кейін жүкті қоймада тексеруге кіріседі.*



- *Шекаралық қоймалар жағдайында егжей-тегжейлі карантиндік тексеруге карантинге жатқызылған импорттық жүктердің көп бөлігі жатады. Тек кейбір жүктер (виру-талшықты дақылдар талшығы, тері) әкелу бекеттерінде сырттай ғана тексеруден өтеді. Нақты зақымдалмаса олар, карантиндік сақтық сақтау және барған бекетінде егжей-тегжейлі тексеруден өту шарттарымен, ел ішіне жөнелтіледі.*



- Қоймада кез-келген жүктің әрбір бөлігі бәрінен бұрын тағы бір рет сырттай тексеріледі. Сөйтіп буып-түю материалдарының үстінен тірі және өлі бунақденелілер (қоңыздар мен олардың дернәсілдері, қуыршақтары, жұлдызқұрттары, көбелектері т.б.) ізделіп, жиналады. Өйткені түсіргенге дейін жәшіктердің немесе қаптардың біразы тексерілуі қиын төменгі қабаттарда болған. Ашылған қабаттар, кенеп қатпарлары, қабаттарда қаптар бірін-бірі басып жатқан орындар, жәшік тақтайларының аралығындағы саңылаулар қайтадан қаралады.

- *Қараған кезде тірі бунақденелілер жиі табылатын орындарға – бунақденелілерді тым жарық та, өкпек желде, шу мен адамның жүріс-тұрысы да мазаламайтын, қабаттардың көлеңке жағындағы қабырғаға қаратылған тұстарына баса назар аударылады. Мұндайда қалта шамы пайдаланылады. Сондай-ақ қабаттар айналасындағы және қойма қабырғасына жақын тұстағы еден де қаралады*



- Жүктен шыққан ұшу кезеңіндегі зиянкестер қонып отыратын терезеге де көңіл аудару керек.



Қатпарларына әдетте зиянкестер дернәсілдері жиналатын, жүк арасында кездейсоқ қалып кеткен сепарациялық қағаздар жапырақтарында зиянкестердің бар-жоқтығына көз жеткізіледі. Қатарлардың үстіңгі жағындғы кейбір қаптар мен жәшіктер аударылып, орын ауыстырылады және олардың астындағы ашылған орынды қалта шамымен жарық түсіре отырып бірден қарайды. Өйткені, әдетте, мұнда да зиянкестер жиналады.

- Жүкті сырттай қарап, бунақденелілерді жинап болған соң нұсқаушы зертханалық сараптама үшін үлгілер іріктейді. Егер үсті жабылған орындарды тексерген кезде зиянкестер табылмаса, бірақ жүктің карантиндік немесе басқа да Қазақстанда тіркелмеген қауіпті зиянкестермен зақымдалуы мүмкін деген қауіп (болжам) туындаса, жүк егжей-тегжейлі тексеріледі. Оны жүктің әр түрлілігіне қарай әр түрлі жүргізеді (үлгі де солай іріктеледі).





- Жәшікке салынған балғын жемісерді (шырын жемісті дақылдар өнімі, алма, алмұрт, беке) қараған кезде кейбір жәшіктегі өнімдер іріктейтін стол-астауға төгіледі.
- Қапқа салынған күріш, жаңғақ (жержаңғақ, бадам т.б.), дәмдеуіштер, какао бұршақтары, кофе, үрмебұршақ, қытайбұршақ және басқа да астық-бұршақ дақылдарының тұқымы, кокос жаңғағы, пальма жаңғағы, күнжүт тұқымы, сондай-ақ кепкен жемістер (кепкен алма, алмұрт, шабдалы) тәрізді әдетте шет елдерден кендір немесе қағаз крафт қаптармен келетін үлкен тауар партиясы іріктеп алынған кейбір қап ішіндегі өнімдері бөлініп-бөлініп немесе түгел қаралады. Ол үшін мына тексеру әдістерінің бірі пайдаланылады.



- Ол үшін мына тексеру әдістерінің бірі пайдаланылады.
- 1.Қатарлардың әр жерінен бірнеше қап (жүктің әрбір вагондық партиясынан 10–12) түсіріліп, тікесінен тік қойылады да бүкіл бүйір тігісі сөгітіледі. Өнімнің ашылған жағы мұқият қаралады, табылған тірі бунақденелілер жиналады, сондай-ақ бүлінген, зақымдалған-ау деп күдік туғызған немесе анық зақымдалған тұқым, дән, бұршақ т.б. іріктеліп алынады. Әрбір ашылған қаптың тек беткі қабаты ғана емес, оның тереңірек қабаты да, өнімін қол сұғып алып шығып қаралады. Зертханалық сараптама үшін орташа үлгі іріктелген тұқымнан не дәннен, сондай-ақ пробиркаға (шыны түтікке) жиналған бунақденелілерден тұрады.



- 2.Егер жарылған бір немесе бірнеше қапта зиянкестердің анық зақымдағаны байқалса, іріктеліп алынған қап ішіндегі барлық өнім төселген брезент, орайтын қағаз орамының немесе фанера үстіне төгіледі де, дереу үйме шеттері қаралады. Өйткені оларда зиянкестердің болуы әбден мүмкін. Содан кейін үймеде тірі бунақденелілер бар ма, жоқ па, соны тексереді. Бос қапты теріс айналдырып, тігістерін, бұрыш-бұрышын мұқият қарайды. Содан кейін төгілген өнімді егжей-тегжейлі тексеруге кіріседі. Сырты кемірілген, қабығының саңылауы, жарығы, жарылғаны, өрмекшінің желімдегені немесе бекіткені, зиянкестердің анық зақымдағаны не сондай күдігі бар дән, жаңғақ, бұршақтар іріктеліп алынады. Сондай-ақ барлық көзге түскен тірі қоңыздар, дернәсілдер, қуыршақтар, жұлдызқұрттар және өлген бунақденелілер, тіпті олардың кейбір мүшелері (үстіңгі қанаты, аяқтары, бастары т.б.) жиналады.



- Төгілген өнім қаралып болған соң қалақпен немесе күрекпен қапқа салынады. Бірақ жармаланған бөліктеріне, өсімдік қалдықтары мен ұсақ қоқыстарына тиіспеуге тырысу керек. Түп қалдықтары деп аталатын оларды шағын қалақшамен бөлек қалтаға салып, жапсырма жапсырады да материалдарды тексерген кезде іріктелген үлгіге қосады. Қалдықта әдетте көзден таса болған тірі және өлі бунақденелілер, ұсақ дернәсілдер, зақымдалған дән бөліктері, піллелар, дернәсіл терілері, өлі бунақденелілер денесінің кейбір мүшелері, сондай-ақ түрлі дернәсілдер нәжістері өте көп болады. Міне, осыларға қарап жүктің зақымдалғаны жайлы пікір айтуға және зиякес түрін анықтауға мүмкіндік туады.

- Әдебиеттер
- 1.А.О.Сагитов, В.Е.Камбулин, Е.А.Бадаев, А.С. Динасилов Карантин растений.-«Айтұмар», 2013.326 с.
- 2.А.О.Сагитов,В.Е.Камбулин,Е.А.Бадаев, С.Б. Бойко, А.А.Джаймурзина А.А., и др. Алматы, 2008, 388с.